

С. 2 к. 25  
М-90

**МЫН БІР  
ЖАҚАЛ  
ЖИЫРМА ҮШ  
ЖОҚТАУ**





# МЫН БІР ЖАҚАЛ



*Жинастырған Ахмет Баржақсы баласы*

# ЖИЫРМА ҮШ ЖОҚТАУ



*Жинастырып, түзеткендер  
Байтұрсынұлы Ахмет, Бөкейханұлы Әлихан.*

ББК 82.3 Каз  
М 94

Редакторы *Р. Асанбаева*

**М 94 Мың бір мақал; Жиырма үш жоқтау.— Алматы:**  
Қазақстан, 1993. 96 бет.

ISBN 5-615-01276-5

Бір жинақ болып біріктірілген бұл екі кітап жиырманшы жылдары Мәскеуде Шығыс халықтарының кіндік баспасында халқымыздың Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, А. Баржақсин, Н. Төреғұлов секілді аяулы азаматтарының еңбегімен шыққан. „Мың бір мақал“ қазақ мақалдарының жинастырылып, тақырып бойынша жүйеленіп, алғаш бастырылуы болса, „23 жоқтаудағы“ Қаадауысты Қазыбекке, Мамайға, Кенесары мен Наурызбайға арналған жоқтаулар бір-бір поэмаға барабар шығармалар.


Екі кітап та еш түзету, өзгеріс енгізілмей беріліп отыр. Халық мұрасына ден қойған жалпы қауымға арналған.

М 4702250105—28 75—92  
401 (05)—93

ББК 82.3Каз.

ISBN 5-615-01276-5

© А. Баржақсыұлы,  
А. Байтұрсынов,  
Ә. Бөкейханов, 1993.



**М А З М Ұ Н Ы**

МЫҢ БІР МАҚАЛ .....	3
ЖИЫРМА ҮШ ЖОҚТАУ .....	43

Әдеби-көркем басылым

**МЫҢ БІР МАҚАЛ  
ЖИЫРМА ҮШ ЖОҚТАУ**

**ТЫСЯЧА ОДНА ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРК  
ДВАДЦАТЬ ТРИ ПЕСНИ — ПОЭМЫ**

*(На казахском языке)*

Суретшісі *Б. Оспанов*, көркемдеуші редакторы *Б. Машрапов*,  
техникалық редакторы *Л. Конькова*, корректоры *К. Бектемісова*

ИБ № 5052

Теруге берілген күні 12.03.93. Басуға қол қойылған күні 30.06.93. Форматы 84x108 1/32. Қағазы тип. Гарнитурасы „Тип Таймс“. Шығыңқы баспа. Шартты баспа табағы 5,04. Шартты баспа бояу-өріп таңбасы 5,36. Есепке алынатын баспа табағы 5,13. Таралымы 23 000 дана. Заказ 1139.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің Халықтар достығы орденді „Қазақстан“ баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің „Кітап“ полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

*Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер!*

# МЫН БІР ЖАҚАЛ



**Жинаушы:**  
*Ахмет Баржақсы баласы.*

**Атаның баласы болма,  
Адамның баласы бол.**

*Абай*

**Елу жылда ел өзгерер,  
Жүз жылда — қазан.**

*Мақал*

**Ұлттар комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасы.  
Мәскеу, 1923-ші жыл.**

## СӨЗ АЛДЫ

“Тұрмысты өзгертіп, өмірді түзеу үшін, оны (тұрмысты) жақсы білу керек”.

(“Тұрмыс мәселелері”, 25-бет.)

(Троцкий Л.)

“Мың бір мақал” кітабын көргенде, кейбіреулер: бұны не үшін басып шығарған, қазіргі күнде ескі мақалдардың керегі қанша еді? деп Күншығыс баспасөз кеңсесіне кінә қоюы мүмкін.

Және бұл кітаптың қанша пайдасы барлығын кейбіреулер, бәлкім аңғара алмас та. Сондықтан басқандағы мақсатымыз қайсы?

Сөз алдында соны түсіндіруді керек деп таптық.

“Ер қазынасы — ескі сөз, ел қазынасы — ескі сөз, тіл қазынасы — ескі сөз” деген бұрынғылардан қалған мақал. Бұл мақал әншейін әлдеқашан айтыла салған мақал емес, өмір жүзінде ел аузындағы ескі сөздер: мақал, мәтел, тақпақ, өлең, жыр секілділердің өте керектігі ащы тәжірибелермен анықталғандықтан айтылған. Оның ішінде, әсіресе тұрмыс тәжірибенің қорытындысы мақалдар керек. Себебі мақалдар айтушы елдің басынан кешірген оқиғалары, тұрмыс, мінезі, әдет-ғұрпы һәм айналасындағы өмірге көзқарасы тегіс суреттеледі. Мысалы:

Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ;

У ішсең руыңмен;

Ә құдай ханды алмағай, ханды алып қара қазақ  
сандалмағай;

Елу жылда ел өзгерер, жүз жылда — қазан;

Ханға ерген, ерін күшәқтар;

Патша залым болса, жұрт тозады,

Патша ғалым болса, жұрт озады;

Алтын ерің атқа тисе, алтының ал да отқа жақ;

Базарға жақын байымас;

Аталастың аты озғанша,

Ауылдастың тайы озсын;

Ексең егін, ішерсің тегін,— деген мақалдар қазақ халқының әр дәуіріндегі тұрмысы һәм өмірі емес пе? Қазақтың кең қоныста “Әй дерлік әжесіз, қой дерлік қожасыз” еркін көшіп, ең жайлаған, барлық керегі алдындағы малынан табылған кезден бермен қарай талай дәуірлерді басынан кешіріп, тұрмыс талқысы, заман өзгерісіне түсіп өзгерген һәм ақырында “Ексең егін, ішерсің тегін” деген ұғымға келгенін көрсетпей ме? “Ескі сөз, мақал ер, ел, әдебиет қазынасы” екендігі осыдан көрінбей ме?

Ешкім де “көрінбейді” дей алмас. Өйткені мақал — тұрмыс айнасы. Тұрмысты тануымыз үшін осы айнаға қарауымыз керек. Сондықтан “Мың бір мақал” қазақ-қырғыз жұртының тұрмысын тану, қырдағы елдің ішкі сырына жету жолында көп көмегі тиетін өте пайдалы кітап.

Әрине бұл кітапта қазақ-қырғыз мақалы түгел жиналған деуге болмайды. Ел ішіндегі мақалдар түгел жиналса, бір мың ғана емес, әлденеше мыңға кетер. Бірақ, ол мақалдар бұл күнге шейін жиналып басылып дүниеге шыққан жоқ. Әркімнің өзінде, әр кітапта бытырап жүр. Оларды жинап бастыру Түркістан, Қазақстан һәм Күншығыс баспасөз кеңесінің әр реттегі ісі болуға тиіс. Міне, соның үшін “Мың бір мақал” кітабы бірінші адым. Бұл кітапта “Тәңірі патша, хан, адам, жақсы-жаман, достық-қастық, жалғыздық-көптік, байлық, жарлылық, сарандық, ұрлық, өтірік, билік, құдалық, той, кәде, қатын-бала, тәрбие, заман, сауда, еңбек” һәм тағы басқа нәрселер туралы қазақ, қырғыздың көзқарасы қандай? Солар көрсетілген. Бұларды біліп, тұрмысты тану үшін әрбір әлеумет қызметіндегі азаматтарға, мектептердегі, кеңес партия мектептеріндегі жастарға “Мың бір мақал” іздесе табылғысыз. Бұл бір.

Екінші, “Мың бір мақалдың” керектігі тіл үшін. Адамның ойын жарыққа шығаратын күшті құрал — тіл. Қазақ, қырғыз еңбекшілерінің ойы өсіп, санасы ұлғаюы үшін түсінікті жатық, таза тіл болу керек.

Түсініксіз топас, дөкір тілмен қазақ, қырғыз еңбекшілерін тәрбиелеуде һәм олардың арасынан Маркс әдебиетін таратуға болмайды. Жуырда жазып шығарған “Тұрмыс мәселелері” деген кітапшасына Троцкий жолдас тіл туралы былай деген: “Жұмыскер табы барлық жаратылысты, барлық өмірді негізімен тексеріп, жаңадан ойлай

бастады: бұл ойды жарыққа шығару үшін, түсінікті, таза, өткір тіл керек”<sup>1</sup>. Бірде осылай дейміз. Қазақ, қырғыз еңбекшілері өзгеріс сергелдеңінен жаңа-жаңа есін жиып, тұрмысын түзеу, әдебиетін гүлдендіру туралы ойға кіре бастады. Енді “жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс келсін айналасы” дегендей, таза, әдемі тіл керек. Тілдің негізгі жұрнағы — ел аузындағы ескі сөз, мақалдар. “Мың бір мақал” кітабының екінші керектігі осы. Не қылғанмен бұл кітап пайдасыз болмас деп ойлаймыз.

*Нәзір Төреғұлұлы.*

---

<sup>1</sup> “Рабочий класс начинает продумывать мыслью всю природу, всю жизнь до самых ее основ: для этой работы нужен инструмент ясного чистого отточенного слова”.

## ТӘҢІРІ ТУРАСЫНДА

1. Қатты жерде қақ тұрар, ынсапты елде хақ тұрар.
2. Кірсіз ай, мінсіз құдай.
3. Аллаға жағайын десең азаның болсын.
4. Момынның есебін қу табады, құдың есебін құдай табады.
5. Тоны жаманды ит қабар,  
Көңілі жаманды құдай табар.
6. Сом темірге балға бар,  
Сомсынғанға алла бар.
7. Зорлық көргенді құдай көреді.
8. Жалғыздықтың жары құдай.
9. Сақтансаң құдай сақтар.
10. Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемейді.
11. Құдайға сыйынған құстай ұшады,  
Адамға сыйынған мұрттай ұшады.
12. Құдайдан сұрағанның қос бүйірі шығады,  
Адамнан сұрағанның екі көзі шығады.
13. Кім бай боламын демейді,  
Құдайы қаламайды.  
Кім би боламын демейді,  
Халына қарамайды.
14. Емшекті ана береді,  
Несібені тәңірі береді.
15. Құдай қарғайын десе ақылынды алады.
16. Құдай малынды алса да, бейілінді алмасын.
17. Уағда құдай аты.
18. Адамның басы алланың добы.
19. Патшаның қолтығы кең, құйрығы ұзын.
20. Патша зәлым болса — жұрт тозады.
21. Патша ғалым болса — жұрт озады.

## ХАН ТУРАСЫНДА

22. Хан — қазық, қараша — азық.
23. Хан қарашасыз болмас.
24. Хан — шаңырақ,  
Халық уық.
25. Ханнан қазық, биден тоқпақ.
26. Жер таусыз болмайды,  
Халық хансыз болмайды.
27. Ханда қырық кісінің ақылы бар.
28. Хан қасында уәзір білгіш болса,



- Қара жерден кеме жүргізеді.  
 29. Әр ханның тұсында бір сұрқылтай.  
 30. Ханға ерген ерін құшақтар.  
 31. Хан сыртынан жұдырық.  
 32. Қардың басын қар алар.  
 Ханның басын хан алар.

### МОЛЛА ТУРАСЫНДА

33. Тай жаманы жорға болады,  
 Адам жаманы молла болады.  
 34. Молланың қылғанын қылма,  
 Айтқанын қыл.  
 35. Молладан хат қалады,  
 Жақсыдан зат қалады.  
 36. Әкімге қарсы болма, күніңе кемшілік келер,  
 Моллаға қарсы болма, дініңе кемшілік келер.  
 37. Молла анасынан үлкен.  
 38. Қисық арба жол бұзар,  
 Дүмше молла жөн бұзар.  
 39. Шала молла шарт етер.  
 40. Тентек молда телмірген өгіз.  
 41. Шариғат ағып жатқан бұлақ,  
 Бұрынғылардың сөздері — жағалай біткен құрақ.

### АДАМ ТУРАСЫНДА

42. Адам көркі шүберек,  
 Ағаш көркі жапырақ.  
 43. Адам сөйлескенше,  
 Жылқы кісінескенше.  
 44. Тау тауға қосылмайды,  
 Адам адамға қосылады.  
 45. Адам адамға қонақ,  
 Жан денеге қонақ.  
 46. Адам жайын ауылдасы білмейді,  
 Істесі біледі.  
 47. Ақ көңілді адамға біреудің сырқауы батады.  
 48. Ақ көңілдің аты арып, тоны тозбас.  
 49. Кісі болар баланың кісіменен ісі бар,  
 Кісі болмас баланың неменемен ісі бар.  
 50. Кісі қатесіз болмас,  
 От түтінсіз болмас.  
 51. Жаңылмас жақ болмас,  
 Сүрінбес тұяқ болмас.

52. Кісідегінің кілті аспанда.  
 53. Бұрынғының кісісі,  
 Осы күнгінің кішісі.  
 54. Кісімін дейсің басыңа түссе білерсің.  
 55. Мал аласы сыртында,  
 Адам аласы ішінде.  
 56. Арық қой тырысқак,  
 Аш кісі ұрысқак.

## ЕР ТУРАСЫНДА

57. Ер егіз, еңбекте жалғыз.  
 58. Ер тарықпай молықпас.  
 59. Қатты жерде қак тұрар,  
 Қайратты ерде мал тұрар.  
 60. Талапты ерге нұр жауар.  
 61. Жомарт жоқтығын білмейді,  
 Жүйрік ат тоқтығын білмейді.  
 62. Арғымақ ат бірде жалды, бірде жалсыз,  
 Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз.  
 63. Ердің малы елде, еріккенде қолда.  
 64. Қоянды қамыс өлтіреді,  
 Ерді намыс өлтіреді.  
 65. Ит тойған жерін іздейді,  
 Ер туған жерін іздейді.  
 66. Жүк ауырын нар көтереді,  
 Қазан ауырын ер көтереді.  
 67. Ердің ерлігін білмеген, құдайдың бірлігін білмейді.  
 68. Ерді көрсең қыдыр тұт,  
 Асты көрсең кәдір тұт.  
 69. Бұлбұл құс зімістан көрмей,  
 Гүлстан қадірін білмес.  
 70. Өз қадірін білмеген ер,  
 Қадірлінің қадірін білмес.  
 71. Ер қадірін ер білер,  
 Зер қадірін зер білер.  
 72. Асты қорлама құстырар,  
 Ерді қорлама састырар.  
 73. Ат баспаймын деген жерді үш басады,  
 Ер көрмеймін деген жерін үш көреді.  
 74. “Адаспаймын” деген ерді қараңғы тұман адастырады.  
 75. Ер жаңылып қолға түсер, құс жаңылып торға түсер.  
 76. Есек тұсаусыз болмайды, ер дұшпансыз болмайды.  
 77. Ат басына күн туса,



- Ауыздығымен су ішер.  
Ер басына күн туса,  
Етігімен су кешер.
78. Ер жігіт бір күнде бір кісілік,  
Бір күнде мың кісілік.
79. Ер шекіспей бекіспейді.
80. Ер өтірік айтпайды, ел өтірік айтады.
81. Ат арыса тулақ,  
Ер арыса аруақ.
82. Ердің атын я аты шығарар, я қатыны шығарар.
83. Есепті болмай бай болмайды,  
Есер болмай ер болмайды.
84. Ат ерінді келер,  
Ер мұрынды келер.
85. Алып анадан,  
Ат биеден.
86. Ер мойнында қыл арқан шірімейді.
87. Ер үйірінен шықса, үйіріне қосылады.
88. Ердің асылы ісінен білінеді,  
Әйелдің асылы тісінен білінеді.
89. Ер азамат белгісі — әрі мырза, әрі күл.
90. Жақсылыққа жақсылық — әр кісінің ісі,  
Жамандыққа жақсылық — ер кісінің ісі.
91. Ер сыйлаған есікте отырмас.
92. Ат ұстаған азабынан құтылар,  
Ер ұстаған азабынан құтылар.
93. Жаңбырмен жер көгереді,  
Батамен ер көгереді.
94. Уайым — ердің қорғаны.
95. Көз жұмбай дария кешпек жоқ.
96. Тәуекел қыл да тас жүт,  
Ажал жетпей өлмек жоқ.
97. Уайым түбі теңіз,  
Батасың да кетесің.  
Тәуекел түбі қайық,  
Мінесің де өтесің.

### ЖАҚСЫ ТУРАСЫНДА

98. Жақсыда жаттық жоқ.
99. Жақсының жаны жаннат.
100. Жақсыны жолдасынан біледі.
101. Жақсыда мін жоқ,  
Жүйрікте сын жоқ.

102. Арғымақ аттың күйрығы,  
Әрі жібек, әрі қыл.  
Қас жақсының белгісі.  
Әрі мырза, әрі құл.
103. Қошқар болар қозының маңдайлары дөң болар,  
Адам болар жігіттің төңірегі кең болар.
104. Бай болайын деген жігіт айырбасшыл келеді,  
Адам болайын деген жігіт қарындасшыл келеді.
105. Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ,  
Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ.
106. Биік төбеге шықсаң көзің ашылады,  
Жақсымен сөйлессең көңілің ашылады.
107. Жалынсаң жақсы кешірет,  
Жанысаң болат өтер.
108. Жақсыға сайран да сайран,  
Сергелдең де сайран.
109. Болат пышақ қап түбінде жатпайды.
110. Арыстанға темір шынжыр ар емес.
111. Аққу — құстың төресі,  
Жалғыз жатып оттамас.  
Қас жақсының белгісі,  
Қара сөзді қостамас.
112. Жақсы ат аяғынан қалады,  
Жақсы адам тамағынан қалады.
113. Бұқаның өзі қартайса да,  
Мұрны қартаймайды.  
Жақсының өзі қартайса да,  
Көңілі қартаймайды.
114. Аласаны атқа санама,  
Жақсыны жатқа санама.
115. Жақсы жігіт пен жақсы ат көптікі.
116. Жаңбыр жауса жердің ырысы.
117. Жақсы көрген кісімен түзде өт, ауыл болма.
118. Биік таудың төбесін көріп, түбіне барма,  
Жақсының атын естіп, үйіне барма.
119. Шамның жарығы түбіне түспес,  
Жақсының қадірі жақынына білінбес.
120. Жорғаның қадірін жеңілгенде біледі,  
Жақсының қадірін өлгенде біледі.
121. Алтынның қолда барда қадірі жоқ.
122. Тұлпардың оттауы бір болса да, жумсауы басқа.
123. Тұлпар бітпейді, бітсе кетпейді.
124. Тұлпар түбін табады.



125. Тұлпардың өз тұяғы өзіне дәрі.  
 126. Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,  
 Қанаты бүтін сұңқар жоқ.  
 127. Отыз күн оразаның бір айты бар,  
 Әр қылған жақсылықтың бір қайты бар.  
 128. Жаман кісі кекшіл.  
 129. Қас жаманның белгісі — қасындағысын қарақтайды.  
 130. Жаманға сөз айтсаң,  
 Ақыл таппас жол айтады.

### ЖАМАН ТУРАСЫНДА

131. Шапанға таяқ өтпес,  
 Жаманға сөз өтпес.  
 132. Жаман атты соға айдасаң “жалдайды” дер,  
 Жаман адамға ақыл айтсаң “алдайды” дер.  
 133. Жаман ат соқпақшыл, жаман кісі тоқпақшыл.  
 134. Жаман артық қылам деп, тыртық қылады.  
 135. Жаманның бір ісі артық, жағасы жыртық.  
 136. Жаманның ойыны жаман, шошқаның мойны жаман.  
 137. Жаманды жақсы десең, бөркі қара қазандай болады.  
 138. Жалқауға дәулет үшін ұйқы берер,  
 Жаманға ақыл үшін күлкі берер.  
 139. Жаман адамға жақсы құрмет жараспас.  
 140. Жаманға олжа түседі, үлесе алмай көпке түседі.  
 141. Жаман шынын айтамын деп сырын айтады.  
 142. Жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді.  
 143. Жаман кісінің тілі ащы,  
 Жабағы тонның биті ащы.  
 144. Бір құмалақ бір қарын майды шірітер,  
 Бір жаман мың қолды ірітер.  
 145. Бірдің кесапаты мыңға тиеді.  
 146. Бітісі жаман қамысты су ішінен өрт алады,  
 Туысы жаман жігітті түйе үстінен ит қабады.  
 147. Жаман жігітті ел ішінен жау алады.  
 148. Ит құтырса иесін қабар,  
 Торғай құтырса бүркітке шабар.  
 149. Арық малды асырасаң, аузы-мұрныңды май етер,  
 Жаман адамды асырасаң, аузы-мұрныңды қан етер.  
 150. Жаманның үсті су болса, кеппестей көрер,  
 Жаманға мал бітсе, сусын бермес, кетпестей көрер.  
 151. Жаман сайға су толса, өткел бермес,  
 Жаманға мал бітсе, зекет бермес.  
 152. Жаман атқа жал бітсе, жалына торсық байлатпас,

- Жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас.
153. Жаман адамға мал бітсе,  
Жақынын танымас.
  154. Жаманды жанға санама.  
Есекті малға санама.
  155. Қарғаның жүзіне бір кесек,  
Жаманның жүзі бірге есеп.
  156. Жаманның әлі жапалаққа келеді.
  157. Жапалақ көрсең атып ал,  
Жаманнан басың ашып ал.
  158. Қалыңға құсың түспесін,  
Жаманға ісің түспесін.
  159. Жаман адамға жалынғанша,  
Жат та жаныңды қарма.
  160. Қазақ жаманы орыс бола алмайды,  
Орыс жаманы қазақ бола алмайды.

#### СИЫР МЕН ЖАМАН ТУРАСЫНДА

161. Сиыр сипағанды білмейді,  
Жаман сыйлағанды білмейді.
162. Сиырға су көрсетпе,  
Жаманға сый көрсетпе.
163. Жаман сиыр тоқпақшыл,  
Жаман кісі тақпақшыл.
164. Қарамай шелек тазармас,  
Жаман адам түзелмес.
165. Есек семірген күні иесін тебеді.
166. Есекті отқа айдасаң, бокқа кашар.
167. Қарғаның бір көзі оқта, бір көзі бокта.
168. Сауысқан шоқығанмен тоқ болмайды.
169. Битке өкпелеп тоныңды отқа жақпа.

#### ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН ТУРАСЫНДА

170. Жақсы сыналумен жариды,  
Жаман сыналумен құриды.
171. Жамандық көрмей жақсы болмас.
172. Жүйріксіз шабан болмас.
173. Ескісіз жаңа болмас,  
Жамансыз жақсы болмас.
174. Жаман айтпай жақсы жоқ.
175. Жақсылық ағаш басында,  
Жамандық аяқ астында.
176. Жақсыда кек жоқ,



- Жаманда тек жоқ.
177. Жақсының кегі кетер,  
Орамалы кепкенше.  
Жаманның кегі кетер,  
Басы жерге жеткенше.
  178. Жақсы — орынға, жаман — асқа.
  179. Жақсыға сөз ереді.
  180. Жақсыға шаң жуымас,  
Жаманға мал жуымас.
  181. Жақсы алдында жазыласың,  
Жаман алдында тарыласың.
  182. Жақсыдан шарапат,  
Жаманнан кесапат.
  183. Жақсының шарапаты тиер тар жерде,  
Жаманның кесапаты тиер әр жерде.
  184. Жақсыға айтсаң бітірер,  
Жаманға айтсаң жекірер.
  185. Жақсымен жолдас болсаң, алуа мен шекер,  
Жаманмен жолдас болсаң, абыройыңа түкірер.
  186. Жақсымен жолдас болсаң, ісің бітер,  
Жаманмен жолдас болсаң, басың кетер.
  187. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,  
Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.
  188. Жақсы жүрген жеріне кент салады,  
Жаман жүрген жеріне өрт салады.
  189. Жорға жүрісімен бұл болады,  
Жаман жүрісімен күл болады.
  190. Жақсыдан қашпа, жаманға баспа.
  191. Жақсыға жармас, жаманмен арбас.
  192. Жақсы жерге жатсаң, жақсы-жақсы түс көресің.
  193. Жаманның қолына бергенше,  
Жақсының жолына бер.
  194. Жақсыдан жаман туса — әдет,  
Жаманнан жақсы туса — ғажап.
  195. Жақсыдан жаман туса ем табылмас,  
Жаманнан жақсы туса тең табылмас.
  196. Жаманнан жақсы туады,  
Адам айтса нанғысыз,  
Жақсыдан жаман туады,  
Бір аяқ асқа алғысыз.
  197. Судың басы бұлақ болса да,  
Аяғы құяр теңізге.  
Жақсыдан жаман туса да,

Тартпай қалмас негізге.

198. Жақсыдан жаман туса, жыннан пайда болады,  
Жаманнан жақсы туса, нұрдан пайда болады.
199. Арғымаққа оқ тисе, мәстектей туламас,  
Сыпайыға оқ тисе, жамандай шуламас.
200. Жақсының ойы түссе, күйі түседі,  
Жаманның ойы түссе, биі түседі.
201. Қас жақсының белгісі өз үйіне өзі күл,  
Қас жаманның белгісі өз үйіне өзі сый.
202. Жақсыға берсең асынды, жақсы сыйлар басынды,  
Жаманға берсең асынды, итке тастар басынды.
203. Жаманның берген асынан,  
Жақсының айтқан сөзі артық.
204. Жақсының қайрағаны өтер,  
Жаманның жанығаны өтер.
205. Жақсының сөзі тәтті,  
Жаманның жаны тәтті.
206. Жақсының жақсылығын айтсаң, аруағы тасады,  
Жаманның жаманшылығын айтсаң, күты қашады.
207. Жақсы кісі мақтанса, жаманнан жата беріп қалдым  
дер,  
Жаман кісі мақтанса, жақсыны жағасынан алдым дер.
208. Жаман адам жақсы болмас,  
Қанша қыдыр дарыса да.  
Жақсы адам жаман болмас,  
Қанша тұрып қараса да.
209. Жақсы адам алтын басын еңкейтпес,  
Жаман адам жаман артын тоңқайтар.
210. Қарамықтың дәні болғанша,  
Бидайдың сабаны бол,  
Жаман елдің жақсысы болғанша,  
Жақсы елдің жаманы бол.
211. Бестің басы болғанша, алтыншының аяғы бол.
212. Арық пен семіздің бауыры бірдей,  
Жақсы мен жаманның жаны бірдей.
213. Жүйрік шабан болады, мойынынан жал кетсе,  
Жақсы жаман болады, қолынан мал кетсе.
214. Ақылы асқан жақсыны “алысым” деп ойлама,  
Ақылы жоқ жаманды “жақыным” деп ойлама.
215. Жасықтың көбінен асылдың азы артық.
216. Жақсы атқа бір қамшы, жаман атқа бір қамшы.
217. Қарға мақтанып сұңқар болмайды,  
Есек мақтанып тұлпар болмайды.



218. Құлан құдыққа жығылса,  
 Құрбақа құлағында ойнайды.
219. Құланға ерген шиеге аунайды.
220. Ит қарайды жырымға,  
 Бүркіт қарайды қырымға.
221. Ит баласы жырымға қарайды,  
 Нар баласы қырымға қарайды.
222. Жақсы атын мақтар,  
 Жаман қатынын мақтар.

### ҚҰЛДАР ТУРАСЫНДА

223. Құм жиылып тас болмас,  
 Құл жиылып бас болмас.
224. Алпыс құлан ат болмас.
225. Құл құдасын табады.
226. Баталы құл арымас,  
 Батасыз құл жарымас.
227. Құл құтырса құдыққа қармақ салады.
228. Көктен киіз жауса, құлға ұлтарак тимейді.
229. Құлмен жеген күйқа құстырмай қоймайды.
230. Құлды “бәрекелді” өлтірер.

### ИТ ТУРАСЫНДА

231. Ит қорыған жерге өш.
232. Иттің боғы дәрі болмас, дәрияға тышады.
233. Ит итті жұмсайды, ит күйрығын жұмсайды.
234. Ит бір сүрінгенде қырық сүрінеді.
235. Иттің мойнына алтын қарғы тақса да бок жеуін қоймайды.
236. Ит аузына түскен соқта жаншылмай шықпайды.
237. Ит баласы сүйгінші, тұра бара қосқыншы.
238. Ит құрсағы жібісе, жатпас.
239. Ит итаяғын жаламай көңілі көншімейді.
240. Қазаннан қақпақ кетсе, иттің ұяты кетер.
241. Асқа талау түссе, иттің мұратын береді.
242. Майлаған қайысқа ит өш.
243. Ақсақ ит сау иттен сауға тілейді.
244. Аш иттің артын ақ ит жалайды.
245. Еңбексіз ит жер, бейнетсіз бит жер.
246. Итке ит жерошақта жолығады, қуға қу намазшамда жолығады.
247. Үре білмеген ит үйіне қонақ шақырады.
248. Итті қонақ жараспас.

249. Жетелеген төбет қораға үрмес.  
 250. Бұралқы ит үргенмен жағады.  
 251. Үрген ит кісі қаппас.  
 252. Жаман итті жетелегенмен сақ болмайды.  
 253. Ит үреді, керуен көшеді.  
 254. Иттің табаны қышыса, керуенге ереді.  
 255. Еттің бәрі қазы болмас,  
 Иттің бәрі тазы болмас.  
 256. Елдің бәрі қазы болмас,  
 Иттің бәрі тазы болмас.  
 257. Иттің ұлығанын бәрі естімес,  
 Бөрінің ұлығанын таң естімес.  
 258. Таудағы түлкіні табындағы тазы алады.  
 259. Ит иесі үшін,  
 Құс тамағы үшін.  
 260. Дауылды күні ит пен бала құтырады.  
 261. Ауылға жақындағанда ит озады.  
 262. Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар.  
 263. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді.  
 264. Ауыл итінің құйрығы қайқы.  
 265. Ауыл иті ала болса да,  
 Бөрі келгенде бірігеді.  
 266. Иттің ырылдасқаны — амандасқаны.  
 267. Ит атасын танымас.  
 268. Иттің атасы жоқ.  
 269. Ит ашуын тырнадан алады.  
 270. Түлкі алған итте сын жоқ.  
 271. Жас қаншықтың көзі сау.  
 272. Ит те бойдағында керіледі.  
 273. Итке “күшім, күшім” десең ауызыңды жалайды.  
 274. Иттің басын сары табаққа салсаң шоршып түседі.

### СӨЗ ТУРАСЫНДА

275. Ауыз — дарбаза, сөз — самал.  
 276. Сөз сөзден шығады,  
 Сөйлемесе неден шығады.  
 277. Сөздің басы бір пышақ, түбі бір құшақ.  
 278. Ұлы сөзде ұят жоқ.  
 279. Аталы сөзді арсыз қайырады.  
 280. Сөзге сөз келгенде сөйлемесе, анасы өледі.  
 281. Іреп қойған сойғылыққа жақсы, айтып қойған  
 сұңғылыққа жақсы.  
 282. “Көрдім” деген көп сөз,

- “Көрмедім” деген бір сөз.
283. Отыз тістен шыққан сөз,  
Отыз рулы елге жайылады.
284. Жүйелі сөз жүйесін табады,  
Жүйесіз сөз иесін табады.
285. Көш мәнісін білмеген,  
Көшсе көлік өлтірер.  
Сөз мәнісін білмеген,  
Сөзді өзіне келтірер.
286. Жол қуған қазынаға жолығады,  
Сөз қуған бәлеге жолығады.
287. Андамай сөйлеген, ауырмай өледі.
288. Жаман ауыздан жалындай сөз шығады.
289. Іріген ауыздан шіріген сөз шығады.
290. Аяғы жаман төрді былғайды,  
Ауызы жаман елді былғайды.
291. Аз сөз алтын, көп сөз күміс.
292. Көп сөйлеген я жолдасынан, я құрбысынан айрылады.
293. Бір елі ауызға, екі елі қақпақ.
294. Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді.
295. Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады.
296. Жақсы лебіз жарым ырыс.
297. Жақсы сөз жан сүйіндіреді.
298. Жылы-жылы сөйлесен, жылан іннен шығады;  
Қатты-қатты сөйлесен, мүмін дінінен шығады.

### ӨТІРІК СӨЗ ТУРАСЫНДА

299. Емен ағаштың иілгені — сынғаны,  
Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені.
300. Жыртық үйді жел табар, өтірік сөзді жан табар.
301. Өтпес пышақ қынға қас,  
Өтірік сөз жанға қас.
302. Өтірікшінің шын сөзі зая кетер.
303. Ботқаға қазан тоймас,  
Пұттаған сөзді құлдаған құл Мұхамметке үммет бол-  
мас.
304. Өтірік деген дұспан бар, отқа сүйреп салады.
305. Өтірік құданың дұспаны.
306. Өтірік айтып пайда тапсаң, ақырында залал табар-  
сың;  
Рас айтып залал тапсаң, ақырында пайда табарсың.
307. Мақтаған жеткізер, шаққан өлтірер.
308. Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес.

309. Басқа бәле тілден.  
 310. Қол жүйрігі асқа, тіл жүйрігі басқа.  
 311. Тіл тас жарады,  
     Тас жармаса бас жарады.  
 312. Тіл ерді қабырға салады, нарды қазанға салады.  
 313. Басты кеспек болса да, тілді кеспек жоқ.  
 314. Тілге тиек жоқ.  
 315. Көре-көре көсем болады.  
 316. Шебер — көптің апасы, шешен — көптің опасы.  
 317. Шебердің қолы ортақ,  
     Шешеннің тілі ортақ.  
 318. Шеберден олжа, шешеннен сауға.  
 319. Батыр мың қол бастайды,  
     Тар жерде сөз бастайды.  
 320. Жүйрік атқа жал бітпес,  
     Тақ-таққа мал бітпес.

### ҰЯТ ТУРАСЫНДА

321. Бет көрсе жүз ұялады.  
 322. Ұялған тек тұрмайды.  
 323. Өлімнен ұят күшті.

### ШЫДАМДЫЛЫҚ ТУРАСЫНДА

324. Асықпаған арбамен қоянға жетеді.  
 325. Асыққан жетпес, бұйырған кетпес.  
 326. Сабыр түбі сары алтын,  
     Сарғайған жетер мұратқа,  
     Сабырсыз қалар ұятқа.  
 327. Сарғая сақтасаң, қызара бөртесің.

### АШУ МЕН АҚЫЛ ТУРАСЫНДА

328. Ашуың келсе қолың тарт,  
     Ашу — пышақ, ақыл — алтын.  
 329. Ашу алдында, ақыл соңында.  
 330. Ақыл ауыс, ырыс жұғыс.  
 331. Ашу келсе ақыл кетер,  
     Ашудан ақыл көп болса, ашу не егер.

### АҚЫЛ ТУРАСЫНДА

332. Баста ақыл жоқ болса, аяққа күш түседі.  
 333. Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол.



334. Ақылдыға ишарат, ақымаққа таяқ.  
 335. Құдай азды-көпті берсе де, нығметіне тәубе қыл.  
 336. Ақымаққа айтқан сөз, ағып жатқан сумен тең,  
 Ақылдыға айтқан сөз, қолға қонған құспен тең.  
 337. Кәрісі кімнің бар болса, хаты соның қолында.  
 338. Бұрынғыдан ақыл, бұрынғыдан қоныс сұра.  
 339. Көрегенді көнеден, көне білмесе көп жүргеннен сұра.  
 340. Ақыл қарттан шығар, асыл тастан шығар.

### ДОСТЫҚ ТУРАСЫНДА

341. Айтулы достың малы бір,  
 Кемедегінің жаны бір.  
 342. Дос көтерер көңілді, мал көтерер өлімді.  
 343. Дос табылса, ас табылмайды;  
 Ас табылса, дос табылмайды.  
 344. Жаракты күнде жау жолықпас, ас бар күнде дос  
 жолықпас.  
 345. Дос сүйгеннің түсіне қарама.  
 346. Досыңның атын алма, тайын ал.  
 347. Қырық атан ұстама, қырық тамыр ұста.  
 348. Сүйек тамыр сүйсініп күн көреді.  
 Ауыз тамыр айтып артығын алады.  
 349. Есепті дос айырылмас.  
 350. Есептескен дос болмас.  
 351. Тамыр түбі — дау, құрдас түбі — жау.  
 352. Тоң айырған май жейді,  
 Дос айырған бөк жейді.

### ДҮСПАН ТУРАСЫНДА

353. Дұспан не демейді, түске не кірмейді.  
 354. Дұспаннан түк тартса да пайда.  
 355. Ежелгі дұспан ел болмас,  
 Етектен кесіп жең болмас.  
 356. Дос егіз, дұспан сегіз.  
 357. Дос басқа қарайды, дұспан аяққа қарайды.  
 358. Дос жылатып айтады,  
 Дұспан күлдіріп айтады.  
 359. Досыңның пышағымен мүйіз кес,  
 Дұспанның пышағымен киіз кес.  
 360. Досыңмен дос болғанға шаттан,  
 Дұспаныңмен дұспан болғаннан сақтан.  
 361. Алыстағы дұспаннан андып тұрған дос жаман.

362. Тәуір көрген досыңа, тәуір көрген малың бер, көре-көре сүйсінсін.  
Жек көрген досыңа, жек көрген малың бер, көре-көре күйінсін.
363. Досың ұрса аңкылда, дұспаның ұрса сүйін.

### ЖАУ ТУРАСЫНДА

364. Үйреніскен жау атыспаққа жақсы.  
365. Мұзға сүйенбе, жауға сиынба.  
366. Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады.  
367. Жаудың сырын жау білмес.  
368. Жауды қара қашырады.  
369. Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.  
370. Жау келді деп асыңды тауыспа.  
371. “Жау жоқ” деме жар астында,  
“Бөрі жоқ” деме бөрік астында.  
372. Жауды аяған жаралы болады.

### ЖАЛҒЫЗДЫҚ ТУРАСЫНДА

373. Жалғыз ағаш пана болмайды,  
Жалғыз биеге саба болмайды.  
374. Жалғыз кісі жау алмас.  
375. Жалғыз ағаш үй болмас,  
Жалғыз адам би болмас.  
376. Қанша жуан болса да, жалғыз ағаш үй болмас.  
377. Жалғыз біткен дәулеттің, жалғыз айтқан өлеңнің сәні жоқ.  
378. Жаяудың шаңы шықпас,  
Жалғыздың үні шықпас.  
379. Саяқ жүрсең, таяқ жерсің.

### КӨПТІК ТУРАСЫНДА

380. Көп түкірсе көл болар.  
381. Көп көмектескен күрмекпен су ішеді.  
382. Көп көмектесе, қонақ аттандырады.  
383. Көп жайылса жоқ табылады.  
384. Көптік қайда болса, тоқтық сонда.  
385. Көп қорқытады, терең батырады.  
386. Көптің ауызы темір талқы.  
387. Екі түйғын жабылса, қаздың соры.  
388. Үйде кісісі көп болса, далада кісі тимейді.  
389. Кеңеспен пішкен тон келте болмас.

390. Ат сатсаң ауылыңмен, ауылың болмаса бөркіңмен ақылдас.
391. “Көп біледі” деген күледі,  
“Өзім білемін” деген өледі.
392. Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ.
393. Жалғыз жүріп жол тапқанша, көп кісімен адас.
394. Жұрт ауызы дуалы.
395. Жұрт жұтаса жұтық.
396. Халық айтпас, халық айтса қата айтпас.
397. Халық ұнатса, хан түйесін сояр.
398. Қырықтың бірі — қыдыр, мыңның бірі — уәлі.
399. Мың қосшыдан бір басшы.
400. Жүзден жорға, мыңнан тұлпар.
401. Көпке ұнаған құдайға ұнайды.
402. Көпке тентек, құдайға шет.
403. Көпті жамандаған көмусіз қалады.

### АЗ БЕН КӨПТІК ТУРАСЫНДА

404. Аздың атасы бір, көптің көрі басқа.
405. Атадан алтау тусаң да, басыңа түсер бір жалғыздық.
406. Жалғыздың жағы жоғалса да табылмайды.  
Көптің оғы жоғалса да табылады.
407. Борай-борай қар жауса, бұл боран атты өлтірер.  
Аз кісіні көп кісі (жаман да болса) бір ойына келтірер.
408. Көп ауыз сөйлесе, бір ауыз жоқ болады.
409. Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел.

### БІРЛІК ТУРАСЫНДА

410. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді,  
Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.
411. Тозған қазды топтанған қарға жем қылар.
412. Екі құзғын таласса, бір қарғаға түсер.
413. Бөлінгенді бөрі жейді.
414. Жақын таласса, жатқа жем.
415. Тірліктің күші бірлікте.
416. Бірлік болмай тірлік болмас.
417. Байлық байлық емес, бірлік байлық.

### ҚҰДАЛЫҚ ТУРАСЫНДА

418. Біреу болса — құда, екеу болса — ұя.
419. Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық.

420. Құданы құдай қосады, үйірі басқаны нокта қосады.
421. Құда болғанша құлы-биін сұрас,  
Құда болған соң құл да болса сыйлас.
422. Құданы құдай қосады, досты періште қосады.
423. Құдалық белгісі — сый, сыйыт, қоныс белгісі — бейіт.
424. Құдан күрдасындай болсын,  
Құдағиың ойнасындай болсын.
425. Құдағи сайымен жарасады,  
Қуырдақ майымен жарасады.
426. Жабыны жауға мінбе жалы бар деп,  
Жаманмен құда болма малы бар деп.
427. Баймен құда болсаң шіренер,  
Жарлымен құда болсаң тіленер.
428. Жарлымен құда болғанша, баймен барымталы бол.
429. Құрбысының асқанын құдасынан білер.
430. Құдандалының малы бір, айтулы достың жаны бір.
431. Қаралардың таққа мінгені, бір-біріне құда түскені.
432. Алыс жерге құда болсаң, түйе-түйе ас келер,  
Жақын жерге құда болсаң, түйе-түйе сөз келер.
433. Құданың құдасы, құнан қойдың сорпасы.
434. Ауылыңа қалың берсең төменнен бер.  
Қызыңа қалың берсең жоғарыдан бер.
435. Көп беріп көргендіден қыз алсаң,  
Тік тұрып мейманыңа қызмет етер.  
Аз беріп көргенсізден қыз алсаң,  
Байының қойнына бір жатқанын міндет етер.
436. Аяғын көріп асын ал, шешесін көріп қызын ал.
437. Есігі жаманның үйіне барма,  
Шешесі жаманның қызын алма.
438. Күндес көргеннің қызын алма.
439. Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді.
440. Баланы жеріне бер, ыңғайы келмесе еріне бер.
441. Қатын алма, қайын ал.
442. Көріп көріктіні алғанша, көрмей тектіні ал.
443. Отырған қыз орын табады.
444. Құдашамен құда ойнар, қу шөппен бөрі ойнар.
445. Тең-теңімен, тезек қабымен.
446. Сұлу-сұлу емес, сүйген сұлу.
447. Теңі келсе, тегін бер.
448. Жиенділігің ұстаса, нағашыңа бар,  
Боз балалығың ұстаса, қайыңа бар.
449. Қатын барда, қайын жоқ.